

		Сенсорлық қабылдауын дамыту. Жұмыс орнын жинастыра білуге,тазалыққа тәрбиелеу	
33.	"Аула көркі гүл"	"Мұнда қанша болса ,анда да сонша сөздерін жауаптарда қолдану. 5-ке дейінгі сандық белгілерді бекіту.Кең-тар,жуан-жіңішке,ұзын-қысқа сөздерін ажырата білуге үйрету;геометриялық пішіндерді қайталау.	Жұлдызшалар,гүлдер,сандар,әр түрлі көлемдегі пішіндер.
34.	"Біз спортпен доспыз"	1-ден 5-ке дейінгі сандарды қайталау.-5 санының құрлымын қайталап таныстыру. -заттарды реті бойынша үлкенінен кішісіне,кішісінен үлкеніне қарай орналыстыруды айыра білуге үйрету. -геометриялық кескіндерді, -кеңістіктегі қимылды айыра білуді үйрету жалғастыру.	Спорттық ойын құралдары.
35.	"Көйлекті әшекейлейміз" (Апликация)	Дайын салынған көйлекті, әдемі қиылған өрнектермен әшекейлеп жабсыруға үйрету.	Сурет дәптері, желім, сүлгі немесе майлық
36.	"Бауырсақ"	Бауырсақтың бейнесін картоп бастырмасы арқылы бейнелету. Ертегі кейіпкерінің көңіл-күйін жеткізе білуді үйрету. Ыждағаттылыққа тәрбиелеу.	Ақ қағаз, картоп, бояу, шүберек

		арқылы жіппен өлшеу. Ойында геометриялық пішіндерді бекіту. Тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шаршы, дөңгелек, сопақша. Уақыт бөліктерін бекіту.	
26.	Жыл мезгіліне қонаққа.	Бір-бірден көп, бірде-біреуі жоқ сөздерін түсінуге және сөйлеу барысында қолдануды, көп-біреу сөздерін зат есімдерін сабақтастыруды үйрету; жыл мезгілдерінің жүйелігімен танстыруы жалғастыру.	Плакаттар, таяқшалар, тест-карточкалары.
27.	"Әр қонжықтың орындығын тауып бер"	Балаларға қонжықтар мен орындықтардың суретін таратып беру. Көлемімен пішініне сәйкес келетін қонжықтарды орындықтарна орналастыру қажет.	Сурет дәптері, қылқалам, балды акварель, сүлгі немесе майлық.
28.	"Өз ойлары бойынша сурет салу"	Өз ойларымен сурет салу қабілетін дамыту, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу	Сурет дәптері, қылқалам, балды акварель, сүлгі немесе майлық.
29.	Ойыншықпен ойнаймыз.	Геометриялық пішіндерге ұқсас топтан ойыншықтарды тауып, санын 4 санымен сәйкестендіру. Жуан - жіңішке, ауыр-жеңіл ұғымдарын қарама-қарсы мағынада түсіндіру.	Сандық белгілер. Жыл мезгілдері бейнеленген суреттер.
30.	"Қызыл-жасыл көбелек, Бақшамызға келе кет"	5-ке дейінгі сандық белгілерді бекіту. Анда қанша болса, мында сонша сөзін сөйлеу барысында қолдануды үйрету. Шартты өлшеу арқылы лентамен заттарды салыстыруды жалғастыру. Кеңістік қатынастарын атау; оңға-солға.	Жіндіктердің бейнесіндегі құралдар, 5-ке дейінгі сандар, көбелектер.
31.	"Шыршаны безендірейік" (қақпақтармен жұмыс)	Шыршаны Жаңа жылдық ойыншықтармен және қақпақтармен безендіруді үйрету. Саусақпен сурет салуды жалғастыру. Ұқыптылыққа, ыждағаттылыққа тәрбиелеу.	Сурет дәптері, қылқалам, балды акварель, сүлгі немесе майлық.
32.	"Суық - жылы"	Балалармен түстердің реңкін ажырата білуге дағдыландыру. Суық және жылы түстерді ажырата отырып түстерді ақшақарға немесе күнге орналастыра білуге үйрету.	Сурет дәптері, қылқалам, балды акварель, сүлгі немесе майлық

18.	Ақ тиінде қонақта.	Балаларға үстіне қою және жанына қою әдістерін пайдаланып екі затты ені бойынша салыстыру нәтижелерін кең-жіңішке еңі бірдей сқздерін қолданып білуді үйрету. Таң-кеш ,күн-түн яғни қарама-қарсы тәулік бөліктерін анықтай білу дағдыларын жетілдіру.	"Чип және Дейл"мультсериалы.Тиінде рдің орамалдары,ас ішетін ыдыстары ,жататын төсектері.
19.	"Пішіннің үйін тап"	Балаларға пішіндерді түсіндіріп,берілген пішіндерден үй құрастыруға үйрету.	Әртүрлі пішіндер
20.			
21.	Менің сүйкімді достарым.	Заттар мен сандардың жиынтығын аралық сәйкестігін ұғындыру.Кеністіктегі қимылдарды алға-артқа,оңға-солға айыра білуге және атауға машықтандыру.Геометриялық кескіндерді пысықтау.	Ит,қораз,тышқан,балық,мысық үлестірмелі сандар мен пішіндер.
22.	"Мамандықтың бәрі жақсы"	4 санының пайда болу жолымен таныстыру.Санмен заттардың арасындағы сәйкестігін келтіруге ,яғни теңестіре білуді үйретуді жалғастыру.Геометриялық пішіндерді бекіту.Үшбұрыш,дөңгелек,шаршы,төртбұрыш,сопақша.Жоғары -төмен,кең-тар түсініктерімен таныстыру.Уақыт бөліктерін бекіту.	Қала көшесі суреттері.жолдар машиналар.
23.	"Құрақ көрпе"	Көрпешедегі жетіспейтін геометриялық пішіндермен өрнектеп безендіруді үйрету. Қиялдау қабілетін, өз бетінше жеке жұмыстануға ынталылығын дамыту. Эстетикалық талғамға, ыждағаттылыққа тәрбиелеу.	Көрпеше суреті, әртүрлі геометриялық пішінде қиылған қиындылар, желім, шүберек
24.	"Ерекше пішіндер"	Қарапайым пішіндерден сирек кездесетін, күрделі пішіндерге айналуларына көмектесу (қарапайым пішіндерден күрделі жасау).	Түрлі пішіндер.
25.	Ару көктем.	Балаларға қанша болса сонша,теңбе- тең сөздерін түсінуге және сөйлеу барысында қолдануға үйрету.4-ке дейінгі сандық белгілерді бекіту.Заттарды салыстыру және шартты өлшеу	Бубен.Сандар,жапырақтар.

		сөздерін қолдану.	
10.	Көкөністер.	Пішіні мен көлемі бойынша екі затты салыстыру әдістерімен таныстыруды нақтылау .Бірдей заттарды түсіне қарай топтастыра білу дағдыларын жетілдіру.	Көкөністер суреттері, муляждары,себет.
11.	"Ұшақты пішіндерден құрастыр"	Әр түрлі пішіндерді ажырата отырып,берілген пішіндерден ұшақтар құрастыруға үйрету.Ойлау қабілетін дамыту.	Ақ қағаз,пішіндер.
12.	"Ойыншықтарды санаймыз"	«Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру. Бірінің астына бірі екі қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды үйрету.	Топтағы ойыншықтар.
13.	Менің добым.	2 анымен танысу .2 санның пайда болу жолын түсіндіру.2 көлеміндей заттарды санауға үйрету, екі топтағы заттарды теңестіру ретімен санауды үйрету.Сопақша пішінімен танысуды жалғастыру.	2 саны мен сопақша пішіндер доптар.
14.	Ұлттық бұйымдар	Балаларға ұлттық бұйымдармен таныстыра отырып ,затты биіктігі бойынша ретімен қою және ұлттық бұйымды танып ,қастерлеуге тәрбиелеу.	Кебеже сандық пішіндер.
15.	Тиінге арналған саңырауқұлақтар.	Балаларды саңырауқұлақтардың әр түрімен таныстыру. Саңырауқұлақтарға тән ерекшеліктерді бере отырып, саңырауқұлақ пен түлкішектерді салуды үйрету. Гуашь бояулармен жұмыс істеу машығын, композициялық қабылдау, аңғарымпаздық қабілетті дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Сурет дәптері, қылқалам, балды акварель, сүлгі немесе майлық
16.	"Заттарды өз түстес себетке сал"	Түстерді ажыра білуге үйрету. әр түрлі түсті себетке түсіне сай суреттерді салу.	Сурет дәптері, балды бояу, сүлгі,
17.	Сәлем ,қызықты қыс мезгілі!	Түстері әртүрлі заттарды түстеріне сәйкес топтастыру.Заттардың ішінен 2 затты санап бөліп алу. Заттарды теңестіре білу.Үшбұрышпен танысып,сопақшаныбекіту.	шырша,андар , жаңғақ,щыршалар

№	Тақырыбы	Мақсаты	Керекті құралдар Көрнекіліктер
1.	Тауық пен балапандар.	Заттардың бір немесе көп біреуі бірде біреуі жоқ сөздерін мағынасына қарай бөлуді үйрету.Кеністікте заттарды әрқалай орналыстыруға түсіндіру.Оң мен сол жағын табуды үйрету.	Кішкене тауық балапандар.
2.	Айша әжеге қонаққа келу.	Бір және көп ұғымдарын бекіту.Заттарды оң қолмен заттарды солдан оң жаққа орналыстыруды үйрету."Таңертең кеш тәулік "бөлігін ажыратуды үйрету.	Үлкен және кішкентай жолақтар .
3.	"Түрлі түсті шарлардың жіптерін байла"	Балаларды түстермен таныстыру. Түстеріне сай шарларға жіптерін тандап беруге үйрету. Түс танумен және ұсақ қол моторикасын дамыту. Жұмыс орнын жинастыра білуге тәрбиелеу.	Түрлі-түсті шарлардың суреттері, әр түрлі жіптер, желім, сүлгі.
4.	"Заттарды өз түстес себетке сал"	Түстерді ажыра білуге үйрету. әр түрлі түсті себетке түсіне сай суреттерді салу.	Сурет дәптері, балды бояу, сүлгі,
5.	Жылы жаққа ұшқан құстар .	Балаларды жаңа геометриялық пішін шаршымен таныстыруды жалғастыру.Пішінді сезу қозғалыс жолымен зерттеуге жаттықтыру.Заттардың пішінін анықтауды бекіту.Геометриялық пішіндерді кеңістікке бағдарлау.	Шаршы және үлестірілген пішіндер.
6.	"Дәу және Алдар көсе"ертегісі желісімен.	Балаларға "Ұзын-қысқа" "Үлкен-кіші"ұзындықтары бойынша екі затты салыстыру әдісімен таныстыру.Геометриялық пішіндерді кеңістікке бағдарлауды жалғастыру.Геометриялық пішінге ұқсас топтағы заттарды табу.	Жолақтар ұзын-қысқа геометриялық пішіндер.
7.	"Түсіне қарай заттарды біріктірі"	Балалардың түстерді ажырата білуін ойын арқылы үйрете отырып, білімдерін жалғастыру.	Сурет дәптері, қылқалам, балды акварель, сүлгі немесе майлық.
8.	"Пішіннің үйін тап"	Балаларға пішіндерді түсіндіріп,берілген пішіндерден үй құрастыруға үйрету.	Әртүрлі пішіндер
9.	Көңілді қояндар .	Саны жағынан тең және тең емес заттарды екі топқа бөліп салыстыру.Тең сөзін ің мағынасын ұғындырып сонша неше	Қоян және қос қоржын сәбіздер салынған сәбет.

## Түсінік хат

*«Ойын - өмір мектебі».  
«Балаға керегі- ойын».  
Ойында бала көрген – білгенін екшейді,  
үйренгенін нығайтып бекітеді.*

Нәзипа Құлжанова

*Мектепке дейінгі тәрбие - барлық тәрбиенің бастамасы. Ал, баланың жан - жақты дамуы үшін ойынның рөлі ерекше. Ойын барысында балалардың айналадағы дүние жайында мағлұматтары кеңейіп, жауапкершілігі артады. Ойын - өсіп келе жатқан бала организмнің қажеті. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып, жетіле түседі.*

*Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл – әрекеті - ойын. Қазақтың ойшыл ақыны Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» - деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Ойынның бірнеше түрлері бар. Олар: қимылды ойындар, дидактикалық ойындар, рөлдік – сюжеттік ойындар, ұлттық ойындар, топтық ойындар, логикалық ойындар, дамытушы ойындар т.б.*

**Мақсаты:** Балалардың танымдық көзқарасын, ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту, логикалық ойлау, шапшаңдық, ізденімпаздық, іскерлік қасиеттерін қалыптастыру. Өз ой-пікірін қорғай алуға үйрету. (балалардың сезімдік қабылдауына, түйсігінің дұрыс бағытта қалыптасуына жағдай жасау).

**Міндеттері:** -Балаларды бірыңғай заттарды сезімдік белгілеріне қарай (көлемі, пішіні, түсіне байланысты) топтауға үйрету;

-Баланың қабылдау, ес, ойлау сияқты психикалық процестерін дамыту;

### **Күтілетін нәтижелер:**

*Нені білді:* Заттардың қасиеттерін анықтау мақсатымен оларды тексере білуге және бес түсті (ақ, қара, қызыл, сары, көк) ажырата атай білуге үйренеді;

*Қандай түсініктерді игерді:* Сезімдік тәрбиеде құрастыру жұмыстары арқылы үйренген сөздерін (киіз үй, ағаш тостаған, ағаш қасық, қоржын, сәукеле, тақия т.б ) толық меңгеру;

*Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:* Баланың өз бетімен жұмыс істеуі

**КМҚК №11 "Таңшолпан" бөбекжай - бақшасы**



**№1 педагогикалық кеңес шешімімен  
"Бекітілді"  
Бөбекжай-бақша директоры  
С.Ж.Жанекешова**

**2020-2021 оқу жылына арналған  
№10 "Балдырған" ересек тобының  
"Ойна да, ойлан"  
вариативтік компонент  
ұйымдастырылған жұмыс жоспары**